

Калиев Бедел Шамиловичтің
6D060800 – «Экология» мамандығы бойынша философия докторы
(Ph.D) дәрежесін алу үшін дайындаған «Жетісу Алатауының солтүстік
макробеткейіндегі экономикалық маңызды өсімдік түрлерін
экологиялық-фитоценологиялық бағалау» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

«Жетісу Алатауының солтүстік макробеткейіндегі экономикалық маңызды өсімдік түрлерін экологиялық-фитоценологиялық бағалау» тақырыбындағы Калиев Бедел Шамиловичтің диссертациялық жұмысы 2018-2023 жылдары аралығында жүргізілген Жетісу Алатауының өсімдікжабының экологиялық-фитоценоздық түрлерден зерттеудің қорытындысы саналады. Фитоценоздық алуандықты бағалау фитоценоздардың құрылымы мен динамикасын анықтауға, өсімдіктердің қазіргі жай-күйі мен антропогендік бұзылуына мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді. Ал экономикалық маңызы бар өсімдіктер түрлерінің таралу аймақтарын картографиялау биологиялық алуандықты сақтау жөніндегі стратегиялық жоспардың орындалуын қамтамасыз ететін шараларды өзірлеуге септігін тигізеді.

Диссертациялық жұмыс КР ЭТРМ ОШЖДК «Ботаника және фитоинтродукция» институты ШЖҚ РМК-н ғылыми-техникалық бағдарламалары: BR05236546 «Биологиялық алуандықты сақтаудың тұрақты жүйесі ретінде өсімдіктерді сақтауға арналған ғаламдық стратегияның Қазақстан үшін маңызды ғылыми-практикалық міндеттерін мемлекеттік ботаникалық бақтардың жүзеге асыруы» (2018-2020 жж.), BR10264557 «Ресурстық әлеуетті тиімді басқарудың ғылыми негізі ретінде Алматы облысының флорасы мен өсімдік ресурстарының қазіргі экологиялық жағдайын кадастрылық бағалау» (2021-2023 жж.) аясында орындалды.

Бедел Калиев зерттеу жұмысын орындау барысында ғылыми әдебиеттерге ретроспективтік талдау жүргізумен қатар, 2018-2023 жж. аралығында Жетісу Алатауының өсімдікжабының зерттеуге арналған барлық далалық экспедициялық зерттеу жұмыстарына қатысып, камералық өндеу барысында өсімдік қауымдастықтары мен жекелеген түрлердің мекен орындарының экологиялық жағдайлары мен фитоценоздық ерекшеліктеріне талдау жүргізді. Докторант Болгария ғылым академиясының «Биоалуандық және экожүйелерді зерттеу институтында» ғылыми тағылымдамадан өтті. Бұл докторанттың одан әрі ғылыми-тәжірибелік біліктілігін шындауына ықпал жасады.

Б.Ш. Калиевтің диссертациялық жұмысының алға қойған мақсаты өз деңгейіне жеткен, зерттеу міндеттері толық шешілген. Зерттеу нәтижелері бойынша Жетісу Алатауының өсімдікжабының ұтымды пайдалану, сақтау және қалпына келтіру жөнінде ұсыныстар әзірленген. Диссертациялық жұмыс жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейде орындалған. Ізденуші зерттеу

барысында жалпы қабылданған геоботаникалық, картографиялық, геоақпараттық және қашықтықтан зерделеу әдістерін қолданды.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық идеялары мен практикалық нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларда және басылымдарда ұсынылды. Зерттеу барысында 14 ғылыми еңбек жарияланды. Соның ішінде 2 мақала Scopus деректер қорына енетін журналдарда, 4 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда, 8 мақала халықаралық ғылыми конференция материалдарында жарияланған.

Диссертация тақырыбы өзекті, мазмұны терең, құрылымы диссертациялық жұмыстарға қойылатын нормативтік талаптарға сәйкес келетін аяқталған түпкілікті ғылыми еңбек. Зерттеу жұмысы автордың кәсіби біліктілігі жоғары, ғылыми ұстанымы берік, теориялық және практикалық білімді терең меңгерген маман екендігін көрсетеді. Калиев Бедел Шамиловичтің «Жетісу Алатауының солтүстік макробеткейіндегі экономикалық маңызды өсімдік түрлерін экологиялық-фитоценологиялық бағалау» тақырыбындағы 6D060800 – «Экология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертациялық жұмысы ғылыми дәрежелер беру туралы ережеде қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігін ескере отырып, 6D060800 – «Экология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми жетекшісі,
а.-ш.ғ.к., ҚазҰАЗУ «Агрономия,
селекция және биотехнология»
кафедрасының профессоры

«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ
ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАК
«АГРОБИОЛОГИЯ»
ФАКУЛЬТЕТІ

Сайкенов Б.Р.

